

ТАҚЫРЫП-2. ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мазмұны:

- 2.1 Қаржы саясатының мәні мен мақсаты
- 2.2 Қаржы механизмінің маңызы және құрылымы
- 2.3 Қаржыны басқару: аспектісі мен қағидалары
- 2.4 Қаржы аппараттары, оның құрылымы
- 2.5 Қаржылық жоспарлау мен болжау
- 2.6 Қаржы жоспарлаудың жүйесі және қаржылық көрсеткіштер
- 2.7 Қаржы қатынастарын құқықтық реттеу
- 2.8 Қаржылық бақылау: мәні мен түрлері. Аудиторлық бақылау

Негізгі ұғымдар:

- Қаржы саясаты
- Қаржы механизмі
- Қаржыны басқару
- Қаржыны жоспарлау мен болжау
- Қаржылық құқық
- Қаржылық бақылау

Мақсаты: қаржының мәні мен функцияларын, олардың ұдайы өндіріс процесіндегі рөлін теориялық негіздеу; қаржы жүйесінің мазмұны мен құрамын ашу; қаржылық, фискалдық және ақша-несие саясаты контекстінде қаржылық менеджмент негіздерін оқу.

2.1 Қаржы саясатының мәні мен мақсаты

Саясат мемлекет қызметінің барлық бағыттарын қамтиды. Саяси ықпал жасаудың элементі болып табылатын қоғамдық қатынастардың сферасына қарай экономикалық немесе әлеуметтік, мәдени немесе техникалық, қаржы немесе кредит, ішкі немесе сыртқы саясат туралы айтады.

Қаржы саясаты - бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі міндеттерді шешу үшін қаржыны пайдалану жөніндегі мемлекеттің нысаналы қызметі, қаржыны басқарудың түпкілікті мақсаты, оның нақтылы нәтижесі. Ол мемлекеттің экономикалық саясатының құрамды бөлігі болып табылады.

Қаржы саясаты өзіне **бюджет, салық, ақша, кредит, баға және кеден саясатын** қамтиды. Өз кезегіндегі мемлекеттің қаржы саясаты тек оның экономикалық және әлеуметтік саясатын жүзеге асырудың құралы болып келеді, яғни қосалқы рольді орындайды. Мемлекеттік саясаттың басқа да бағыттарын — ұлттық, геосаясатты, әскери саясаттарды да ұмытуға болмайды. Осы бес бағыттың жиынтығы мемлекеттік саясатты жүргізудің негізгі құралы болып табылатын қаржы саясатын анықтайды.

Қаржыны басқарудың бүкіл жүйесі мемлекеттің қаржы саясатына негізделеді. Қаржы саясатын жасауға биліктің заңнамалық және атқарушы тармақтары қатысады. Қазақстан Республикасында оның конституциялық ерекшеліктеріне қарай жалпы экономикалық саясат сияқты қаржы саясатын жасаудағы басымдық Қазақстан Республикасының Президентіне жатады, ол жыл сайынғы Жолдауында ағымдағы жылға және перспективаға арналған қаржы саясатының басты бағыттарын анықтайды. Үкімет экономиканы дамытудың басты бағыттарын жүзеге асыру және қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатымен осы Жолдаудың шеңберінде іс-қимыл жасауы тиіс. Осыған орай биліктің атқарушы тармағының бір бөлігі ретінде Үкімет қаржы саясатын іске асыруға қажетті заңдардың жобаларын жасайды және оларды қарап, қабылдау үшін Президентке тапсырады.

Мезгілінің ұзақтығына және шешілетін мәселердің сипатына қарай мемлекеттің

қаржы саясаты: *қаржы стратегиясы мен қаржы тактикасы* болып бөлінеді.

Қаржы стратегиясы экономикалық және әлеуметтік стратегиямен анықталып, перспективаға есептелген және ірі ауқымды міндеттерді шешуді қарастыратын қаржы саясатының ұзақ мерзімді курсы.

Қаржы тактикасы қаржы байланыстарын ұйымдастыруды дер кезінде өзгертіп отыру, қаржы ресурстарын қайта топтастыру арқылы қоғамды дамытудың нақтылы кезеңінің мәселелерін шешуге бағытталған.

Қазіргі кезеңде қаржы саясатының көмегімен шешілетін басты міндеттері:

А) Елдің дамуының әрбір нақты кезеңінің ерекшеліктері негізінде қаржы ресурстарының неғұрлым мүмкін болатын көлемін жасаудың жағдайларын қамтамасыз ету.

В) Қаржы ресурстарын қоғамдық өндірістің сфералары арасында, ұлттық шаруашылық секторлары арасында ұтымды бөлу және пайдалану, ресурстарды белгілі бір мақсаттарға бағыттау.

Б) Экономикалық дамудың белгіленген бағыттарын орындау үшін тиісті қаржы механизмін жасап, оны үнемі жетілдіріп отыру.

Қазақстан жағдайында қаржы саясатының міндеті-экономиканы экономикалық өсудің траекториясына көшіру, ұлттық шаруашылықтың құрылымын одан әрі жетілдіру негізінде шаруашылық өмірді тұрақтандыру, кәсіпкерлік қызметті дамыту, мемлекеттік бөліктің үлесін оңтайландыра отырып, меншікті реформалау, сыртқы экономикалық қызметті ұлғайтып, жандандыру, әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыру жөнінде шаралар жасап, оларды қаржы механизмі арқылы іске асыру болып табылады.

Қаржы саясатының мақсаты- қоғам дамуының аса маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажет қаржы ресурстарын толық жұмылдыру. Осыған байланысты қаржы саясаты кәсіпкерлік қызметті жандандыра түсуге қолайлы жағдайлар жасауға шақырады.

Қаржы саясатын жүргізгенде оның мына *қағидаларын* жүзеге асырады.

- қаржы қатынастарының жоспарлы ұйымдастырылуын қамтамасыз ету;
- қаржы жүйесінің барлық сфералары мен буындарында кірістер мен шығыстардың теңгерімділігі;
- қаржы резервтерін жасау (бюджет жүйесінде кірістердің шығыстардан және салалық қаржыларда қаржы резервтерінің асып түсуі);
- мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасындағы қаржы ресурстарын оңтайлы бөлу.

2.2 Қаржы механизмінің маңызы және құрлымы

Қаржы саясаты нақты шаруашылық өмірде қаржы механизмі арқылы іске асырылады. **Қаржылық механизм** – экономикалық және әлеуметтік даму үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында қоғам қолданатын қаржылық қатынастарды ұйымдастыру нысандарының, қаржылық ресурстарын қалыптастырып пайдалану әдістерінің жиынтығы.

Ол қаржылық қатынастарды ұйымдастырудың түрлері, нысандарын және әдістерін, оларды сан жағынан анықтаудың амалдарын кіріктіреді. *Механизм* – бұл ақшалай табыстар мен қорларды қалыптастырумен және пайдаланумен байланысты болатын қаржылық қатынастар көрінісінің түрлері, нысандары және әдістері.

Қаржы механизмінің құрылымы қоғамдық шаруашылықтың жеке бөлімдерінің ерекшеліктеріне қарай және қаржы қатынастарының сфералары мен буындары бөлінуінің негізінде қаржы механизмі *шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы механизмі*, сондай-ақ мемлекет қаржысының механизмі болып бөлінеді. Мемлекет қаржысының механизмі *бюджеттік механизм мен бюджеттен тыс ресурстар* механизмі болып бөлінеді. Аумақтық бөлініске сәйкес республиканың биліктің жергілікті органдарының қаржы механизмі деп бөлуге болады.

Қаржы механизмінің қосалқы жүйесі (бөлігі) оның неғұрлым маңызды қорғаушы күші болып табылады, олар: қаржылық құрылым, қаржы тұтқалар мен ынталандырмалы, ұйымдық құрылым және қаржы жүйесінің құқықтық режимі, қаржыны ұйымдастыру.

2.3-кесте. Қаржы механизімі (жүйе)				
Қосалқы жүйелер				
Қаржылық жоспарлау		Қаржы тұтқалары мен ынталандырмалары	Ұйымдық құрылым және құқықтық режим	
Блоктар				
Қаржы әдістері	Қаржы тұтқалары	Құқықтық қамтамасыз ету	Нормативтік қамтамасыз ету	Ақпараттық қамтамасыз ету
Қоспарлау, болжау, өзін-өзі қаржыландыру, инвестициялық бағдарламалар, кредит беру, ағалы қағаздар шығару, салық салу, есеп-қисап сүйелері, жалдау, сақтандыру, кепілдікті перациялар, траст, факторинг, лизинг, рансферттер	Ғабыс (пайда), амортизациялық аударым, қаржы акциялары, баға, жалдау ақысы, дивиденттер, айыздық, мөлшерлемес, дисконт	Құқықтық актілер, заңдар, жарғылар, Үкімет аулылары, Қаржы министрлігінің, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ұйрықтары, өкімдері, хаттары	Нұсқаулар, әдістемелік нұсқаулар	Компьютерлік бағдарламалар, бухгалтерлік есептемелер, статистикалық перативтік есептеме

2.3 Қаржыны басқару: аспектісі мен қағидалары

Қаржыны басқару — бұл қаржыны және шектесуші экономикалық және әлеуметтік жүйелерге оларды жетілдіру және дамыту мақсатымен ықпал жасау процесі және қаржы қатынастарының бүкіл жиынтығының тиімді жұмыс істеуіне жетуді және мұның негізінде тиісті қаржы саясатын жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі мемлекет (қаржы органдары арқылы) шараларының жиынтығы. Сөйтіп, қаржыны басқару — бұл тиісті қаржы саясатына жетудің мақсаты; қаржы механизмі — бұл мақсатқа жетудің құралы; қаржы саясаты — қаржыны басқарудың тиісті процесінің түпкілікті қорытынды нәтижесі. Бұл орайда қажетті нәтижеге жету үшін объектіге мақсатты ықпал жасаудың әдістерімен тәсілдері пайдаланылады. Қаржы жүйесінде оны басқаруды арнаулы аппарат ерекше тәсілдер мен әдістердің, соның ішінде әр түрлі ынталандырмалардың және санкциялардың көмегімен жүзеге асырады.

Қаржыны басқарудың мақсаты макроэкономикалық теңгерілімдікте, бюджет профицитінде, мемлекеттік борыштың азаюында, ұлттық валютаның беріктігінде, ақырында, мемлекет пен қоғамның барлық мүшелерінің экономикалық мүдделерінің үйлесуінде (үштасуында) көрінетін қаржының тұрақтылығы мен қаржының тәуелсіздігі болып табылады.

Қаржыны басқарудың екі аспектісін ажыратысы бар: біріншіден, **мемлекет қаржыны**, оның нысандарын экономика мен әлеуметтік сфераны басқарудың тетігі,

түтқасы ретінде пайдалана-ды және сөйтіп, қоғамдық ендірістің бүкіл процесіне ықпал жасайды; *екіншіден, қаржының өзі басқарудың объектісі*, қаржы қатынастарының нысандары, ақша қорлары, қаржы аппараты, яғни қаржы мекемелерінің жүйесі басқарылады.

Қаржыны басқарудың негізіне **мына қағидаттар** қойылған:

басқарудағы демократизм;

қаржы мәселелеріне саяси тәсілдеме (көзқарас);

басқарудағы экономикалық және өкімшілік әдістердің оңтай-лы үйлесуі (үштасуы);

басқарудың ғылымилығы;

орталықтандырылған, салалық және аумақтық басқарудағы келісушілік;

басқарудағы жауапкершілік;

шаруашылық шешімдерінің сабақтастығы.

Қаржы қатынастарының әрбір сферасы мен әрбір буынында басқару субъектілері қаржыға мақсатты ықпал етудің өзіндік әдістері мен нысандарын пайдаланады. Мәселен қаржыны басқаруда мынадай бірнеше өзара байланысты нақтылы **функциялық элементтерді бөледі**: ақпарат, жоспарлау (болжау), ұйымдастыру, реттеу, бақылау.

2.4 Қаржы аппараттары, оның құрылымы

Қаржы басқаруда басқа кез келген басқарылу жүйесіндегідей басқарудың объектілері мен субъектілері болып бөлінеді. *Объектілер* ретінде қаржы қатынастарының сан алуан түрлері бола алады, басқаруды жүзеге асыратын ұйымдық құрылымдар *субъектілер* болып табылады. **Қаржыны басқаруды жүзеге асыратын барлық ұйымдық құрылымдардың жиынтығы қаржы аппараты деп** аталады.

Қаржы қатынастарын олардың сфераларына сәйкес объектілердің екі тобы бөледі: шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы, мемлекеттің қаржысы. Оларға басқарудың мына субъектілері сәйкес келеді; қаржы службалары (шаруашылық жүргізуші субъектілердің бөлімдері), қаржы және салық органдары.

Қаржы бөлімінің құрылымы әдетте болжамды-талдамалық, есеп-қисап, шағым, оперативтік-қаржылық жұмыстың бағыттарына негізделеді.

Қаржы-өтім бөлімдері бюджетпен, банктермен, жоғарғы ұйымдармен есеп айырысу жөніндегі, кассалық сияқты топтарға бөлінеді.

А) Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы службаларының маңызды міндеттері мыналар болып табылады:

- табысты немесе пайданы өсірудің жолдарын іздестіру және рентабелділікті арттыру;

- өндіріс, күрделі қаржылар, жаңа техниканы ендіру және басқа жоспарлы шығындар жөніндегі тапсырмаларды қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету; мемлекеттік бюджет, банктер, жеткізушілер, жоғарғы ұйымдар алдындағы қаржылық міндеттемелерді орындау;

- есеп айырысуларды ұйымдастыру;

- өндірістік капитал мен күрделі жұмсалымды тиімді пайдалануға жәрдемдесу;

- қаржы ресурстарын дұрыс пайдалануды бақылау, айналым қара-жаттарының сақталымдылығы мен тездетілген айналымдылығын қамтамасыз ету және басқалары.

Қаржыны оперативті басқаруға банк мекемелері қатысады. Екінші деңгей банктері кәсіпорындар мен ұйымдарға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады, ақшаға деген уақытша қажеттіліктерді несиелендіреді.

Б) Мемлекеттің қаржысын басқару

Қаржыны басқару стратегиялық, яғни қаржыны *жалпы басқару* және *оперативтік басқару* болып ажыратылады. *Стратегиялық басқару* қаржы ресурстарын келешекте болжау арқылы анықтауда, мақсатты бағдарламаларды және басқаны іске асыруға арналған қаржы ресурстарының ауқымын белгілеуде көрінеді. Оны дәстүр бойынша

мемлекеттік биліктің және басқарудың жоғарғы органдары — Президент аппараты, Парламент, Үкімет, Қаржы министрлігі, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Президентіне; Қаржыны жалпы басқару; Парламенттің; Қазақстан Республикасының Үкіметі; Қазынашылық органдары; Қаржылық бақылау комитеті; Салық комитеті; Қаржы министрлігі; Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі және Ұлттық банк қандай қызмет атқарады.

2.5 Қаржылық жоспарлау мен болжау

Қаржылық жоспарлау мен болжау - бұл қаржы механизмінің қосалқы жүйесі, саналы басқарудың аса маңызды элементтерінің бірі және әлеуметтік-экономикалық жоспарлаудың құрамды бөлігі. Олар экономиканың үйлесімді және тепе-теңдік дамуына жетуге, біртұтас ұлттық шаруашылық кешенінің барлық буындарының қызметін үйлестіруге, қоғамдық өндіріс өсуінің жоғарғы қарқынын қамтамасыз етуге, халықты әлеуметтік қорғауға бағытталған.

Қаржылық жоспарлау — бұл қаржы жоспарларын (тапсырмаларын) әзірлеу, қаралған мерзімде оларды орындау, белгіленген мақсаттарға жетуге бағытталған процесі. Жоспарлау басқарудың элементі ретінде қаржы саясаты құралдарының бірі болып табылады.

Жоспарлау түрлері:

1) экстенсивтілігімен (әлеуметтік-саяси және экономикалық құбылыстардың кең шеңберін қамтиды);

2) қарқындылығымен (кәміл техника мен әдістерді қолдануды түсінеді);

3) тиімділігімен (қорытындысында қаржыны басқару қойған міндеттерге жетудің қажеттілігін білдіреді) сипатталады.

Қаржылық жоспауларда тәсілдемелермен пайдаланылады:

а) автоматтық (өткен жылдың деректері келесі жылға көшіріледі. Инфляция кезінде деректер инфляцияның коэффициенттеріне көбейтіледі. Бұл әдіс ең қарапайым әдіс болып табылады және, әдеттегідей, уақыт жетіспеушілігі кезінде пайдаланылады;

ә) статистикалық (өткен жылдардың шығыстарын қосып, өткен жылдардың санына бөледі);

б) нөлдік база тәсілдемесі (барлық айқындамалар қайта есептелуі тиіс бұл әдіс нақтылы қажеттіліктерді есепке алады және оларды мүмкіндіктерімен үйлестіріледі).

Қаржылық жоспарлардың мазмұны ақшалай табыстар мен қорланымдарды жасау, белу және қайта бөлуді экономикалық процестермен оңтайландырудың күні бұрын анықталған мүмкіндік ретінде көрінеді және осының негізінде орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларын қалыптастыру және пайдалану.

Қаржылық болжау мемлекеттің мүмкін болатын қаржы жағдайын алдын ала көре білу, қаржы жоспарларының корсеткіштерін негіздеу (дәлелдеу). Болжамдар орташа мерзімді (5-10 жыл) және ұзақ мерзімді (10 жылдан астам) болуы мүмкін. Қаржылық болжау қаржы жоспарларын жасау стадияларынан бұрын болады, қоғам дамуының белгілі бір кезеңіне арналған қаржы саясатының тұжырымын жасайды. Қаржылық болжаудың мақсаты — болжанған кезеңдегі қаржы ресурстарының шынайы мүмкін болатын ауқымын, оларды қалыптастырудың көздерін және пайдалануды анықтау болып табылады.

Шаруашылық жүргізудің нарықтық жүйесінде сонымен бірге индикативтік, яғни ұсынбалы (нұсқамалық) жоспарлау пайдаланылады; *Индикативтік жоспарлау* нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеуде және экономиканың стратегиялық ұзақ мерзімді бағыттарын анықтауда маңызды орын алады, мұның процесінде экономиканы ойдағыдай дамытудың бүкіл шегі анықталады.

Қазақстанда индикативтік жоспарлау 1993 жылдан бері қолданылады. Оны жасау барысында батыс Еуропа және Шығыс Азия елдерінің тәжірибелері негізге алынып келеді. 1996 жылдан бері ағымдағы индикативті (жылдық) жоспарлау негізінде мемлекеттік бюджетті жасау жұмыстары қалыптасты.

Қаржылық жоспарлудың әдістемелігі аса маңызды мына қағидаларға негізделген:

1. орталықтандырылған және орталықтандырылмаған тәсілдемелердің үйлесуі. Бұл қаржы жоспарларын жасағанда екі негіздің (бастаудың) орталықтандырылған қаржылық жоспарлаудың жергілікті (төменгі) бастаманы барынша дамытумен етене үштасуын білдіреді.
2. Бірлік қағидаты қаржылық жоспарлаудың экономикалық және әлеуметтік жоспарлаумен тығыз өзара байланысты және өзара тәуелділігінде көрініп білінеді.
3. Жоспарлаудың үздіксіздік қағидасы перспективалық және жылдық (ағымдағы) қаржы жоспарларының тығыз үйлесуін шамалайды, бұған перспективалық жоспарлаудың іс-қимылының мезгілін ұзартумен және жылдық жоспарлаудың олардың міндеттерін нақтылаумен қол жеткізеді.

Қаржыны жоспарлау (болжау) белгілі әдістердің көмегімен жүзеге асырылады, олардың қатарына жататын ең маңыздылары мыналар:

1. Экстраполяция (немесе коэффициенттер) әдісі. Оның мағынасы қаржылық көрсеткіштерді олардың динамикасын белгілеу негізінде анықтауда болады. Есеп-қисаптар есепті кезеңнің жетістіктері және оларды өсудің немесе төмендеудің салыстырмалы тұрақты қарқынына түзету негізінде жүргізіледі.

2. Нормативтік әдіске сәйкес жоспарлы қаржылық көрсеткіштер белгіленген нормалар мен нормативтердің негізінде есептеп шығарылады.

3. Математикалық, үлгілеу әдісі: процестің үлгісін құру және оны қаржы саласына көшіру.

4. Баланстық әдіс шығындардың оларды жабу көздерімен үйлесушілігін, қаржы жоспарларының барлық бөлімдерінің, сонымен бірге өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің және қаржылық көрсеткіштердің өзара үйлесуін қарастырады. Қаржы балансының талаптарын сақтау кәсіпорынның, саланың, бюджеттердің, бүкіл ұлттық шаруашылықтың шығындары мен табыстарының арасында үйлесімсіздіктің пайда болуынан сақтандыруға; ұлттық шаруашылықты дамытудың қажетті қарқындары мен үйлесімдерін анықтауға; ішкі резервтерді жұмылдыруды ескере отырып оларды жан-жақты негіздеуге мүмкіндік береді.

5. Сараптық бағалаулар әдісі жоспарлау объектісінің жай-күйінің параметрлерін анықтау үшін аса білікті мамандардың тәжірибесін пайдалануды қажет етеді.

Қаржы жоспарларын жасау негізінен үш кезеңнен тұрады: *бірінші* кезеңде есеп беріліп отырылған мезгілдің қаржылық көрсеткіштердің орындалуына экономикалық, талдау жасалады. Қаржылық көрсеткіштерді талдау өндірістік мәліметтермен өзара байланыста жүргізіледі. Мұның өзі қаражаттарды толық жұмылдырудың себептерін ашуға, оларды пайдаланудың тиімділігі дәрежесін анықтауға, ішкі шаруашылықтық резервтерді табуға мүмкіндік береді.

Екінші кезеңде әлеуметтік және экономикалық даму жоспарлары мен бағдарламаларының көрсеткіштері негізінде кірістер мен шығыстардың нақтылы түрлерінің есеп-қисаптары жасалады.

Үшінші кезеңде сметадағы тапсырмалар және кірістердің баптары үйлестіріліп, теңестіріледі.

2.6 Қаржы жоспарлаудың жүйесі және қаржылық көрсеткіштер

Қаржылық жоспарлаудың негізгі құжаты болып келетін қаржы жоспары шаруашылық жүргізуші субъектілердің, салалардың, аймақтардың және жалпы

мемлекеттің ақшалай табыстары (кірістері) мен қорланымдарын құрудың және пайдаланудың жоспары болып табылады. Қаржы жоспары ұлттық шаруашылықтың ресурстарымен қамтамасыз етілуін көрсетеді.

Басқарудың барлық деңгейлерінде жасалынатын саны көп қаржы жоспарларын бір жүйеге келтіру үшін оларды көптеген белгілер бойынша сыныптаған орынды. Экономикалық әдебиеттерде олар негізгі екі топқа бөлінеді: **жиынтық және бастапқы қаржы жоспарлары.**

Жиынтық қаржы жоспарлары жалпымемлекеттік қаржы ресурстарының қозғалысын негіздейді, мемлекеттің қаржы жүйесі жүзеге асыратын қайта бөлу процестерін белгілейді.

Қазіргі кезде жиынтық қаржы жоспарлары жалпымемлекеттік, салалық, аумақтық жоспарларды кіріктіреді. Мыналар жалпыметекеттік болып табылады: мемлекеттің жиынтық қаржы балансы, мемлекеттік бюджет, республикалық бюджет, бюджеттен тыс қорлар.

Жиынтық қаржы балансы деп орта мерзімді (бесжылдық) кезеңге арналған дамудың жалпы мемлекеттік болжамының қаржылық бағдарламасын айтады. Оны жасаумен Қаржы министрлігінің, Ұлттық банктің белсенді қатысуымен экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі айналысады.

Дүние жүзінің барлық елдерінде оперативтік қаржы жоспары мемлекеттік бюджет болып табылады. Оны жасаудың керектігі мемлекеттің ақша ресурстарының кездері мен ауқымын анықтаудың және жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін оларды ұтымды бөлудің қажеттігінен туындайды.

Баланстың кіріс бөлігі мыналарды көрсетеді: таза табыс, тұтынуға салынатын салықтар (қосылған құнға салынатын салық, акциздер, кеден баждары) амортизациялық аударымдар, сыртқы сауда операцияларынан түсетін түсімдер, салықтар мен алымдар, қысқа мерзімді несилендірудің ресурстары, ұзақ мерзімді несиелендірудің көздері.

Шығыстар бөлігінің аса маңызды көрсеткіштері: экономиканы дамытуға жұмсалынатын шығыстар (күрделі жұмсалымдарды қаржыландыру, айналым қаражаттарының өсіміне жұмсалатын шығындар, мемлекеттік субвенциялар): әлеуметтік мәдени шараларға жұмсалатын шығыстар, басқару мен қорғаныс шығыстары, қысқы мерзімді кредит салымдарының және ұзақ мерзімді кредит беруге арналған қаражаттардың өсімі.

Дүниежүзінің барлық елдерінде оперативтік қаржы жоспары мемлекеттік бюджет болып табылады. Оны жасаудың керектігі мемлекеттің ақша ресурстарының көздері мен ауқымын анықтаудың және жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін оларды ұтымды бөлудің қажеттілігін туындайды.

Жиынтық қаржы жоспарлары тек қаржы жүйесінің буындары бойынша емес, сонымен бірге қаржы ресурсары қозғалысының деңгейі бойынша да: *жалпы мемлекеттік немесе жеке аймсақтардың (республикалық және жергілікті) жоспарлары болып ажыратылады.*

Салалық, (ведомстволық) қаржы жоспарларының жүйесі материалдық өндіріс салалары министрліктерінің (ведомстволарының) кірістері мен шығыстарының балансын, өндірістік емес салалар министрліктерінің (ведомстволарының) шығындарының құрама сметаларын, қоғамдық ұйымдардың және т.б. қаржы жоспарларын кіріктіреді.

Аумақтық, қаржы жоспарларына мыналар жатады: аймақтардың жиынтық, қаржы баланстары, жергілікті бюджеттер, тиісті аумақтағы қоғамдық ұйымдардың және т.б. жоспарлары.

Мезгіліне қарай қаржылық жоспарлау жылдық, ортамерзімді (үшжылдық, бесжылдық,) және перспективалық, болып бөлінеді. Қазіргі кезде жоспарлардың жоғарыда аталған барлық түрлері бір және бесжылдық мерзімге жасалынады..

Бастапқы қаржы жоспарларының саны жиынтық қаржы жоспарларына қарағанда едәуір көп және нысаны мен мазмұны әр түрлі. Бұл толып жатқан өзінің

қызметі, ұйымдастыру типі, басқару әдістері мен қаржыландырылуы әр алуан шаруашылық жүргізуші субъектілердің, ведомстволардың қаржы жоспары.

Бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің қаржы жоспарлары *смета* деп аталады және негізінен олардың шығындары анықталады, ал кірістердің қосымша көздері болған жағдайда шаруашылық қызмет бойынша барлық түсімдер мен шығындарды негіздейтін *кіріс-шығыс сметалары* жасалынады. Ұжымшарлар, кооперативтік ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер және сақтық компаниялары *қаржы жоспарларын*, мемлекеттік биліктің органдары түрлі деңгейлердегі *бюджеттерді* жасайды. Коммерциялық (шаруашылық) есепте жұмыс істейтін кәсіпорындар мен ұйымдар қаржы жоспарларын бұрын *кірістер мен шығыстардың балансы* түрінде жасайтын. Бұл жоспарлардың құрылымы негізінен кәсіпорындар үшін де, сондай-ақ бірлестіктер үшін де бірдей болады. Олардың *кіріс* бөлігінде табыстар мен қаражаттардың түсімі: *шығыс* бөлігінде осы түсімдер есебінен жасалатын шығындар анықталатын..

Бизнес-жоспар - бұл кәсіпкерлік қызметтің техникалық-экономикалық негізіне сайма-сай болатын құжат. Ол мемлекеттік кәсіпорындардың экономикалық және әлеуметтік дамуының жоспарларына қарағанда жекеше кәсіпорындар қатынастарының барлық жақтарын анағұрлым толық қамтиды. Бизнес-жоспар өнімнің немесе қызметтер көрсетудің, ерекшеліктерін, олардың бәсекелестік қабілетін, өтім рыногын бағалауды (рынок болжамы), маркетинг стратегиясын, өндірістік, ұйымдық және заңдық жоспарларды, тәуекелдікті бағалауды және сақтандыруды сипаттайтын бөлімдерді қамғиды.

Қаржылық көрсеткіштер. Басқаруда және шаруашылық-қаржылық қызметті жоспарлауда қаржылық көрсеткіштер — шаруашылық жүргізуші субъектілердің, салалардың және жалпы ұлттық шаруашылықтың ақшалай табыстары мен қорланымдарын жасаумен және пайдаланумен байланысты қызметтің түрлі жақтарын сипаттайтын жоспардың, есептің немесе есеп-қисаптың мәліметтері пайдалынылады. Олар абсолюттік және салыстырмалы мөлшерлерде тұлғаланады. Қаржылық көрсеткіштер сан және сапа түрінде белгілі бір қаржы-экоэкономикалық категорияны, қосалқы категорияны, қаржы қаты-настарының элементін бейнелейді.

Шаруашылық жүргізуші төменгі буындарында, мысалы, мынадай аса маңызды абсолюттік қаржылық көрсеткіштер қабылданады:

- өнімді (жұмысты немесе қызметті) өткізуден түсетін табыс;
- өткізілген өнімнің (жұмыстың, қызметтердің) өзіндік құны;
- жалпы табыс;
- кезең шығысы;
- негізгі қызметтен түсетін табыс (зиян);
- табыс салығының сомасы (төленген);
- таза табыс (немесе зиян).

Мыналар шаруашылық жүргізуші субъектілердің *көлемдік көрсеткіштері* болып табылады:

- инвестициялар көлемі;
 - қаржылық капиталдың мөлшері;
 - өндірістік және әлеуметтік даму қорларының (қордану, тұтыну немесе соларға ұқсас резервтік, валюта жөндеу қорларының) мөлшері;
 - жабдықтаушылармен, тұтынушылармен, банкпен, бюджетпен есеп айырысудың көрсеткіштері (кредиторлық және дебиторлық берешектер);
 - төленген дивидендтердің, үлестердің мөлшері;
 - айналым қаражаттары көздерінің көлемі.
- Мыналар *салыстырмалы көрсеткіштер* болып табылады:
- табыстылықтың (рентабелділіктің) деңгейі;
 - акциялар бойынша табыстылық;
 - негізгі және айналым капиталдарын пайдаланудың көрсеткіштері (қор қайтарымы,

өнімнің қор сиымдылығы, негізгі құрал-жабдықтар айналымдылығының коэффициенті, айналымның ұзақтығы);

өтімділіктің көрсеткіштері.

Айрықшалықты көрсеткіштер банк, сақтық қызметтерінде, зейнетақы және басқа қорларда пайдаланылады.

Салық салу кезінде жиынтық жылдық табыс, жиынтық жылдық табыстан шегерімдер, салық салынбайтын табыс, айналым және импорт сияқты және басқа көрсеткіштер қолданылады.

Мемлекеттж ұйымдар мен мекемелерде жалпы және жеке элементтер (санаттар, сыныптар, қосалқы сыныптар, ерекшеліктер) бойынша шығыстардың көрсеткіштері қолданылады.

Жиынтық, қаржы көрсеткіштеріне бюджеттің кірістері мен шығыстарының, сондай-ақ олардың жеке құрамдастарының көрсеткіштері мен олардың үлес салмақтары; бюджеттер тапшылығының сомасы; мемлекеттік бюджет кірістерінің, шығыстарының, тапшылығының ұлттық табысқа жалпы ішкі (ұлттық) өнімге қатынасы (пайызбен) және басқалары жатады.

Ұлттық шаруашылық, деңгейіндегі қаржылық көрсеткіштер мемлекеттің қаржы ресурстарының ауқымы мен құрылымын, мемлекеттік бюджет және басқа қаржы жоспарлары арқылы олардың бөлінуін, экономиканың түрлі салаларының рентабелділігін және бюджетке төленетін табыстың үлесін сипаттайды. Мемлекеттің қаржы ресурстарын қалыптастырудың тиімділігін жалпылама бағалауды қаржы ресурстары ауқымының жалпы ұлттық өнім мен ұлттық табысқа қатынасын сипаттайтын көрсеткіштер атқарады.

Қаржылық көрсеткіштерді есептеу кезінде *нормалар мен нормативтер* пайдаланылады, олар қаржы жоспарларын, болжамдарын, бағдарламаларын ғылыми негіздеуге арналған.

Нормалар мен нормативтер салыстырмалы немесе абсолюттік шамаларда (пайыздарда, коэффициенттерде, өнімді олшеудің натуралды бірліктерінде, уақытта, ақша өлшемінде) тұлғаланады.

3.7 Қаржы қатынастарын құқықтық реттеу

Қоғамда пайда болатын қаржы қатынастары құқықтық реттеуді қажет етеді. Бұл орайда *қаржы құқығының* әр түрлі *нормалары* қолданылады.

Қаржы құқығы — бұл қоғам дамуының тиісті кезеңіндегі мемлекеттің міндеттерін жүзеге асыру үшін қажетті ақша қорларын жасау, бөлу және пайдалану процесінде пайда болатын қаржы қатынастарын реттейтін заң нормаларының жиынтығы. Ол біртекті қаржы қатынастарына жататын жеке бағыттар бойынша: бюджет құқығына, салық құқығына, шаруашылық құқығына межелеңіп айырылады; сонымен бірге *валюта және сақтық, заңнамасын, банк құқығын, мемлекеттік кредитті, ақша айналысын құқықтық; реттеу* сияқты бөлімдерді де қосады.

Қаржы құқығында *қаржы-құқықтық нормалар* — құқықтың негізгі бастапқы элементтері, яғни мемлекет белгілеген және қар-жы қатынастарындағы мемлекеттік мәжбүрлеу (күштеу) шараларымен қамтамасыз етілген қылықтың қатаң белгілі бір ережесі пайдаланылады.

Қаржы-құқықтық нормалар *міндеттеушілік, тыйым салушылық және уәкілеттілік* болып бөлінеді.

Базистік болып табылатын қаржы қатынастары қаржы-құқықтық нормаларды пайдаланған кезде *қаржының құқықтық қатынастарына* жаңғырады. Олардың қатысушылары субъективті заңи құқықтар мен міндеттіліктер арқылы өзара байланыста болады, ал байланыстар (қатынастар) мемлекеттің мәжбүрлеуші күшімен қорғалады. *Нормативтік-құқықтық, қатынастардан тыс қаржылық, қызмет орындалмайды.*

Жүзеге асуы мемлекеттің мәжбүрлеуші күшімен кепілдендірілген тек өзара байланысты заңи құқықтар мен міндеттіліктер кезінде болжанған кірістерді мемлекеттің алуы, оларды белгіленген мақсаттар бойынша бөлу және пайдалану мемлекеттік қамтамасыз етілуі мүмкін. Бұл орайда мемлекеттік органдарға *билік өкілеттіктері* үлестіріліп берілген, қаржы құқықтық қатынастарының басқа қатысушыларының — кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және азаматтардың орындауы үшін міндетті нұсқамалар шығаруға олардың құқы бар.

Қаржылық міндеттемелерді орындамаған шаруашылық органдары мен азаматтарға мәжбүрлеу өдісі қолданылады: бюджетке уақытында түспеген төлемдерді *даусыз өндіріп алу және қаржы санкциялары*.

Санкциялар қаржы-құқықтық нормаларды бұзушыларға қолданылатын *жауапкершілік* шараларды білдіреді. Олардың *ақшалай сипаты* бар және оларда ақша қорлары мен қаражаттары арқылы нормаларды бұзушыларға *мәжбүрлеуші ықпал жасаудың* шаралары болады. Санкцияларға *өсімдер, айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы (төлемі), қаржыландыру мен несиелендірудің тоқтатылуы, несиелендірудің шарттарын қатайту, ресурстарды артық жумсағаны үшін жоғарылатылған тарифтер* және т.т. жатады.

Мемлекеттің қаржылық, қызметі оның ақша қорларын *жасау, бөлу және пайдалану* сияқты үш жалпы бағытта іс-әрекет ететін толып жатқан және сан қырлы функцияларында білінеді. Бұлардың әрқайсысындағы ажырағысыз элемент *бақылаудың* функциясы болып табылады.

Мемлекеттің қаржылық қызметінің сан алуандығы қаржы жүйесін құрудың ерекшеліктерімен анықталады. Функциялардың мазмұнына, рөліне және іс-қимылының ауқымдарына қарай қаржылық қызмет *мемлекеттік билік* немесе *мемлекеттік басқару* (атқарушы-өкімші қызмет) түрінде жүзеге асырылады. Мемлекеттің биліктің жоғары органы — Қазақстан Республикасының Парламенті, мемлекеттік биліктің жер-жердегі органдары — депутаттардың жиналысы — мәслихаттар. Атқарушы биліктің басшысы Президент болып табылады, атқарушы-өкімші қызметті Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті жерлерде — басшылар (өкімдер) және жергілікті әкімшіліктердің аппараты жүргізеді.

Мемлекеттің қаржылық қызметінің мынадай әдістері пайдаланылады:

1. Орталықтандырылған мемлекеттік қорларға: мемлекеттік бюджетке, бюджеттен тыс қорларға сақтық және кредит қорларына төленетін *міндетті және ерікті төлемдердің әдістері*. Міндетті төлемдерге салықтар, қаражаттардың аударымдары (әлеуметтік мақсаттарға, арнаулы және бюджеттен тыс қорларға аударылатын аударымдар жатады). Ерікті негіздерде жалпы сақтандыру мен өмірді сақтандыру, мемлекеттік қарыздар, ақшалай-заттай лотереялар, банктерге салынатын салымдар — депозиттер бойынша төлемдердің бір бөлігі жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттің ақша қаражаттарын бөлген кезде мына әдістерге ажыратады: *қаржыландыру — қаражаттарды қайтарусыз және өтеусіз беру және несие беру (несиелендіру) — қайтарымдық және өтеулілік негіздерде ақша болу*.

3. Қаржы операциялары кезінде ақша қаражаттарымен *қолма-қол ақшасыз және қолма-қол ақшамен есеп айырысу әдістері* қолданылады. Қолма-қолсыз ақшамен есеп айырысулар басымырақ болуы тиіс, өйткені олар ақша айналысының шығынын қысқартады, мемлекеттің кәсіпорындармен, ішінара халықпен қатынастарында пайдаланылады.

Қаржы-құқықтық, актілер дегеніміз қарастырылған нысанда қабылданған және заңдық салдары бар мемлекеттік билік пен басқару органдарының олардың құзырына кіретін қаржылық қызметтің мәселелері жөніндегі шешімдер. Бұл актілер қаржы-құқықтық нормаларды белгілейді, өзгертеді немесе бұзады немесе нақтылы құқықтық

қатынастардың пайда болуының, тоқтатылуының, өзгеруінің негізін атқарады. *Қаржы-құқықтық, актілердің жиынтығы қаржы заңнамасын құрайды.*

Заңды акті ұзақ және тұрақты қаржы қатынастарын қамтып көрсетеді және оны Парламент бекітеді; қысқа қатынастар, мысалы республикалық бюджет туралы заңды да елдің әлеуметтік-экономикалық өмірі үшін мұндай актінің мәнділігіне қарай осы орган бекітеді. *Заңды емес қаржы нысандары ағымдағы қаржы қызметінде іс қылады; оларға мыналар жатады: қаржы және салық органдарының аппаратында кеңестер өткізу, кәсіпорындардың қаржы қызметіне нұсқаулық беру, бюджеттерді депутаттардың жиналысының бекітуіне әзірлеу кезіндегі комиссиялардың мәжілістерін өткізу және т.б.*

Қаржы-құқықтық актілер заң негіздер бойынша: *нормативтік және жеке, заңнамалық және қосалқы, жоспарлы-қаржылық болып бөлінеді.*

Нормативтіктерге біртекті қаржы қатынастарының тобын реттейтін актілер жатады; бұл актілерде олардың қатысушыларының жалпы ережелері, яғни құқықтық нормалары болады және әдетте ұзақ уақыт іс-әрекет етеді. Олар кәсіпорындар мен азаматтардың мемлекет алдындағы қаржылық міндеттіліктерін, анықталған төлемдерді есептеудің тәртібін, төлемдердің түрпатты нышан-дарын және басқаларын белгілейді.

Жеке актілер құқық нормаларын белгілі бір төлеушіге немесе қаражаттарды алушыға қатысты нақтылайды.

Заңнамалық актілер — бұл Парламент шығаратын заңдар мен қаулылар, Республика Президенттерінің Жарлықтары.

Қосалқы актілер — бұл заңға негізделген және заңды орын-дауға қабылданған актілер: басқарудың салалық және жоғарғы органдарының *бұйрықтары*, Қаржы министрлігі мен Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің *нұсқаулықтары*, лауазымды адамдардың қайсы бір іс-әрекеттерге рұқсат етуі туралы қаралады.

Жоспарлы-қаржылық актілердің қалғандарынан айырмашылығы сол олар өзара қаржы саласындағы белгілі бір кезеңге арналған нақтылы тапсырмалар болады, яғни олар қаржы ресурстарын жұмылдыру, белу және пайдалану жөніндегі жоспарлар болып табылады; бұған *бюджеттердің барлық түрлері*, кәсіпорындар мен ұйымдардың *қаржы жоспарлары*, бюджетте қаржыландыруда тұратын мемлекет мекемелері шығындарының *сметалары* жатады.

3.8 Қаржылық бақылау: мәні мен түрлері. Аудиторлық бақылау

Қаржылық бақылау — қаржы жүйесінің барлық буындарының ресурстарын жасау, бөлу және оларды пайдаланудың негізділігін тексеруге бағытталған айрықшалық қызмет. Қаржының бақылау функциясы материалдық игіліктерді өндіру, айырбастау, белу және тұтыну процесіне қоғам, ең алдымен мемлекет тарапынан ықпал жасауға мүмкіндік береді.

Бақылау функциясы — қаржының ішкі қасиеті, ал *қаржылық бақылау* қаржыға тән объективті мазмұн ретіндегі бақылау функциясын практикалық қолдану болып табылады.

Қаржылық бақылаудың өзгешілігі - оның ақша нысанында жүзеге асырылатындығында

Қаржылық бақылау мыналарды тексереді: экономикалық заңдар талабының сақталуы; жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық табыстың құнын болу және қайта болу үйлесімдерінің оңтайлылығы; бюджетті жасау және оның атқарылуы (бюджеттік бақылау); шаруашылық жүргізуші субъектілердің, мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық ұйымдар мен қорлардың, басқа заңи тұлғалардың еңбек, материал және қаржы ресурстарының қаржылық жай-күйі және оларды тиімді пайдалану. Қаржылық бақылау сонымен бірге салықтық бақылауды да кіріктіреді.

Қаржылық бақылаудың функциялары:

1) қаражаттардың жұмсалуды тексеру (шығыстардың сұралған сомаларға сәйкестігі және мемлекет қаражаттарының тиімділігі);

2) қаржы жүйесінің барлық буындары бойынша мемлекеттік ресурстарға қаражаттарды жұмылдырудың уақыттылығы мен толықтылығын тексеру;

3) есеп және есептеме қағидаларының сақталуын тексеру. Бақылауды жүзеге асырудың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

бақылаудың *реттілігі, жаппайшылығы, әмбебаптылығы*;

бақылаудың *превентивтілігі*, яғни оның алдын алу сипаты;

өрекеттілік, нақтылық; жариялылық, — бұларға бақылау жұмысын дұрыс ұйымдастырғанда, негізделген әдістерді қолданғанда, істі ұқыпты зерделегенде, нақты ұсыныстар енгізгенде ғана жетуге болады;

бақылаудың *алаламаушылығы* (біреуге тартпаушылық);

бақылау органдары қызметкерлерінің *тәуелсіздігі*.

Қаржылық тәртіп — бұл белгіленген ұйғарымдардың және мемлекеттің, оның шаруашылық жүргізуші субъектілерінің ақша қорларын жасаудың, болудың және пайдаланудың тәртібін айқын сақтау.

Макродеңгейдегі қаржылық, бақылау — бұл бүкіл мемлекет ауқымында қаржыны ұйымдастыру мен оның іс-әрекет етуін бақылау. Мемлекеттік қаржылар бақылаудың *объектісі* болып көрінеді.

Биліктің заң шығарушы органдары мен басқарудың мемлекеттік органдары бұл деңгейде бақылау *субъектілері* болып келеді.

Микродеңгейдегі қаржылық бақылау — меншіктің барлық нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер деңгейіндегі бақылау.

Қаржылық бақылаудың сыныптамасы субъектілердегі айырмашылықтарға, бақылау іс-қимылдарын жүргізудің уақытына, бақылауды жүргізудің тосілдеріне (әдістеріне) негізделген. Осы белгілерге қарай, қаржылық бақылау үш бағыт бойынша: *турлері, нысандары, оны жүзеге асырудың әдістері* бойынша жіктеледі

Мемлекеттік қаржылық бақылау *жалпымемлекеттік және ведомствалық* бақылау жүзеге асырады. Жалпымемлекеттік қаржылық бақылау ведомствалық бағыныштылығы мен меншік нысанына қарамастан бақылаудың кез келген объектісіне қолданылады. Бақылаудың бұл түрін мемлекеттік билік пен басқару органдары жүргізеді. Мемлекеттік қаржылар жүйесінде бақылау салықтық, бюджеттік бақылау, сақтық және банктік қадағалау, кедендік бақылау және сақтандыру т.б болып бөлінеді.

Ведомствалық қаржылық бақылау жеке министрліктің, ведомстваның өкілдіктері шегінде олардың жүйесіне кіретін шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізіледі. Оның негізгі міндеттеріне мыналар жатады: жоспарлы тапсырмалардың орындауын, материал және қаржы ресурстарын үнемді пайдалануын, меншіктің сақталымдылығын, бухгалтерлік есептің дұрыс қойылулығын, бақылау-тексеру жұмыстарының мән-жайын бақылау, қырсыздық, ысырапқорлық және нысапсыздық фактілерін болдыртпау.

Ведомствалық бақылау ішкі шаруашылықтық бақылауды жүргізеді бұл мақсатты есеп саясатын да қоса алғанда, субъектінің экономикалық саясатының сақталуына сарапшылық баға беру, оның барлық құрылымдары жүзеге асырып келген ішкі бақылаудың жұмысына баға беру болып табылады. Таза бақылау сипатындағы міндеттерден өзге ішкі шаруашылықтық бақылау қаржы стратегиясын талдап-жасау, экономикалық диагностика, маркетингтік зерттеулер, басқарушылық кеңестер міндеттерін және басқаларын шешеді.

Аудиторлық бақылау — тәуелсіз аудиторлық фирма мен шаруашылық жүргізуші субъектілер иелерінің жасасқан келісімшарты негізінде қаржы шаруашылық қызметінің жай-күйін тексеру.

Аудиторлық палата коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіби, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

Қаржы аудиты деп оған уәкілеттігі бар ұйымдар мен мамандардың қаржылық есептемесіне сараптама және талдау жүргізу, қаржы-шаруашылық қызметін бақылау,

шаруашылық жүргізуші субъектілерге олардың тапсыруы бойынша қызметтің басқа түрлерін көрсету жөніндегі және солардың есебінен жүргізетін тәуелсіз қызметін айтады.

Аудиторлық қызмет — бұл аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың қаржылық есептеме аудитін жүргізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметі. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар, өз қызметінің бағыты бойынша қаржылық есептеме аудитінен басқа да қызметтер көрсете алады.

Аудитор — бұл кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы- шаруашылық және коммерциялық қызметіне жасалатын қаржылық бақылаудың біздің елдегі жаңа ұйымдық нысаны. Ол бақылау мен коммерциялық аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде не аудиторлық ұйымның қызметкері ретінде жүзеге асыруға құқылы.

Қаржылық бақылау бірнеше әдіспен жүзеге асырылады. Оларға жататындары: тексеру, экономикалық талдау, тексеріс ревизия. Тексеру шоттық немесе тақырыптық болуы мүмкін.

Шоттық тексеру — бұл бухгалтерлік есептердің, баланстардың, салық есеп-кисаптарының ақиқаттығын тексеру.

Тақырыптық, тексеру - бұл бақылауға жататын объектінің шаруашылық - қаржы жұмысының жеке жақтары мен учаскелерін зерделеу, мысалы, жалақыдан ұстап қалудың дұрыстығын тексеру; шығындарды өнімнің өзіндік құнына жатқызудың дұрыстығын тексеру және т.б.

Экономикалық талдау - бұл объектінің шаруашылық-қаржы қызметіне баға беру; қызметтің түрлі нәтижелерін анықтау және осының негізінде экономикалық жағдайды жақсартудың жолдары мен факторларын негіздеу..

Тексерулер мен қарап шығуды бақылау органдары шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметінің белгілі бір мәселелері бойынша немесе жұмыс орнында қаржылық қызметтің жеке жағымен учаскесімен танысу жолымен бір мәселе тақырып бойынша жүргізеді. Сондықтан тексерулер негізінен та-қырыптық болып келеді. Тексердің өзі 5 түрге бөлінеді:

Құжаттық тексерісті жүргізген кезде есептер, сметалар ғана емес, сондай-ақ құжаттар, әсіресе бастапқы ақша құжаттары (шоттар, төлем тізімдемелері, ордерлер, чектер, бағалы қағаздар) тексеріледі.

Нақтылы тексеріс құжаттарды ғана емес, сонымен бірге қолда бар ақшаны, материалдық құндылықтарды да тексереді.

Толық тексеріс деп белгілі бір кезеңдегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің бүкіл қызметін тексеруді айтады.

Іріктелмелі тексеріс кезінде бақылау қаржы-шаруашылық қызметінің әйтеуір бір жағына (мысалы, іссапардың шығындарын, өр түрлі нысаналы шығындар мен шығыстарды тексеру) бағытталады.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Қаржы саясаты, мемлекетте экономикада және әлеуметтік саясатындағы оның орны
2. Экономикада қаржы механизмі
3. Қазақстан Республикасының қаржыны басқаруды ұйымдастыру
4. Қаржы аппараты, оның құрылымы
5. Қаржы жоспарлау жүйесі
6. Қаржы құқығы және оның құрамдас бөліктері
7. Қаржылық бақылаудың өзіндік ерекшеліктері.

Әдебиеттер:

1. Қ.Мырзабекқызы, А.Болганбаев. Қаржы теориясы. Шымкент: Асель. 2021
2. Г. Азретбергенова. Қаржы I, оқу - әдістемелік құралы, Түркістан 2020,

3. Г.Азретбергенова. Введение в финансы, Учебно-методическое пособие, Түркістан 2020,
4. Р.Серкебаева., Р.Смагулова. Финансы, Учебник. МОН РК, Ассоциация вузов РК. - Алматы: BOOKPRINT, 2014.
5. С.Құлпыбаев. Қаржы. Оқулық. Алматы: Экономика, 2015ж.